

## ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫ

"Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы № 195 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 12 мамырда № 20625 болып тіркелді

### БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінің 2013 жылғы 23 ақпандағы № 74 (28013) санында жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықтың кіріспе сөзбасы мынадай редакцияда жазылсын:

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 5-бабының б) тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қарашадағы № 604 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес 1 жастан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейін балаларды оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес 1 жастан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейін балаларды оқыту орыс тілінде жүргізілетін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары бекітілсін;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес мүмкіндіктері шектеулі балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу жоспары бекітілсін."

1 және 2-қосымшалар осы бұйрыққа 1 және 2-қосымшаларға сәйкес жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Мектепке дейінгі және орта білім комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынууды

қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Ш. Т. Кариноваға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

1 жастан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейін балаларды оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары

|   |                                   | Кіші топ (2<br>жастан<br>бастап) | Ортаңғы топ (3<br>жастан бастап) | Ересек топ (4<br>жастан<br>бастап) | Мектепалды<br>даярлық тобы<br>(сыныбы)<br>(5-жастан<br>бастап) |
|---|-----------------------------------|----------------------------------|----------------------------------|------------------------------------|----------------------------------------------------------------|
| 1 | "Денсаулық"                       | 3                                | 3                                | 3                                  | 3                                                              |
|   | Дене шынықтыру                    | 3                                | 3                                | 3                                  | 2,5                                                            |
|   | Қауіпсіз мінез-құлық<br>негіздері | -                                | -                                | -                                  | 0,5                                                            |
| 2 | "Қатынас"                         | 1                                | 2                                | 2,5                                | 5                                                              |
|   | Сөйлеуді дамыту                   | 0,5                              | 1                                | 1                                  | 1                                                              |
|   | Көркем әдебиет                    | 0,5                              | 0,5                              | 1                                  | 1                                                              |
|   | Сауат ашу негіздері               | -                                | -                                | -                                  | 2                                                              |
|   | Орыс тілі                         | -                                | 0,5                              | 0,5                                | 1                                                              |
| 3 | "Таным"                           | 2                                | 2,5                              | 2,5                                | 2,5                                                            |
|   | Математика негіздері              | -                                | 1                                | 1                                  | 1                                                              |
|   | Сенсорика                         | 0,5                              | -                                | -                                  | -                                                              |
|   | Құрастыру                         | 0,5                              | 0,5                              | 0,5                                | 0,5                                                            |
|   | Жаратылыстану                     | 1                                | 1                                | 1                                  | 1                                                              |
| 4 | "Шығармашылық"                    | 3                                | 3                                | 3,5                                | 5                                                              |
|   | Сурет салу                        | 1                                | 1                                | 1                                  | 1                                                              |
|   | Мүсіндеу                          | 0,25                             | 0,25                             | 0,5                                | 1                                                              |
|   |                                   |                                  |                                  |                                    |                                                                |

|   |                                         |             |             |             |             |
|---|-----------------------------------------|-------------|-------------|-------------|-------------|
|   | Жапсыру                                 | 0,25        | 0,25        | 0,5         | 1           |
|   | Музыка                                  | 1,5         | 1,5         | 1,5         | 2           |
| 5 | "Өлеумет"                               | -           | 0,5         | 0,5         | 1,5         |
|   | Өзін-өзі тану                           | -           | -           | -           | 1           |
|   | Қоршаған ортамен танысу                 | -           | 0,5         | 0,5         | 0,5         |
| 6 | Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы | 10-15 минут | 15-20 минут | 20-25 минут | 25-30 минут |
| 7 | Апталық оқу жүктемесінің көлемі         | 9           | 11          | 12          | 17          |
| 8 | Барлығы                                 | 9           | 12          | 14          | 20          |

\*іс-әрекет түрлері (ойын, дербес, шығармашылық), тілдерді үйрету, жеке жұмыс.

1 жастан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейін балаларды оқыту орыс тілінде жүргізілетін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары

| № | Білім беру салалары/ Ұйымдастырылған оқу |                            |                               |                              |                                                    |     |
|---|------------------------------------------|----------------------------|-------------------------------|------------------------------|----------------------------------------------------|-----|
|   | қызметі                                  | Кіші топ (2 жастан бастап) | Ортаңғы топ (3 жастан бастап) | Ересек топ (4 жастан бастап) | Мектепалды даярлық тобы (сыныбы) (5-жастан бастап) |     |
| 1 | "Денсаулық"                              | 3                          | 3                             | 3                            | 3                                                  |     |
|   | Дене шынықтыру                           | 3                          | 3                             | 3                            | 3                                                  | 2,5 |
|   | Қауіпсіз мінез-құлық негіздері           | -                          | -                             | -                            | -                                                  | 0,5 |
| 2 | "Қатынас"                                | 1                          | 1                             | 2,5                          | 3                                                  | 6   |
|   | Сөйлеуді дамыту                          | 0,5                        | 0,5                           | 1                            | 1                                                  | 1   |
|   | Көркем әдебиет                           | 0,5                        | 0,5                           | 0,5                          | 1                                                  | 1   |
|   |                                          |                            |                               |                              |                                                    |     |

|   |                                         |            |             |             |             |     |
|---|-----------------------------------------|------------|-------------|-------------|-------------|-----|
|   | Сауат ашу негіздері                     | -          | -           | -           | -           | 2   |
|   | Қазақ тілі                              | -          | -           | 1           | 1           | 2   |
| 3 | "Таным"                                 | 1          | 2           | 2,5         | 2,5         | 2,5 |
|   | Математика негіздері                    | -          | -           | 1           | 1           | 1   |
|   | Сенсорика                               | 0,5        | 0,5         | -           | -           | -   |
|   | Құрастыру                               | -          | 0,5         | 0,5         | 0,5         | 0,5 |
|   | Жаратылыстану                           | 0,5        | 1           | 1           | 1           | 1   |
| 4 | "Шығармашылық"                          | 2          | 3           | 3           | 3,5         | 5   |
|   | Сурет салу                              | 0,5        | 1           | 1           | 1           | 1   |
|   | Мүсіндеу                                | 0,5        | 0,25        | 0,25        | 0,5         | 1   |
|   | Жапсыру                                 | -          | 0,25        | 0,25        | 0,5         | 1   |
|   | Музыка                                  | 1          | 1,5         | 1,5         | 1,5         | 2   |
| 5 | "Әлеумет"                               | -          | -           | 0,5         | 0,5         | 1,5 |
|   | Өзін-өзі тану                           | -          | -           | -           | -           | 1   |
|   | Қоршаған ортамен танысу                 | -          | -           | 0,5         | 0,5         | 0,5 |
| 6 | Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы | 7-10 минут | 10-15 минут | 15-20 минут | 20-25 минут |     |
| 7 | Апталық оқу жүктемесінің көлемі         | 7          | 9           | 11,5        | 12,5        | 18  |
| 8 | Барлығы                                 | 7          | 9           | 12          | 14          | 20  |

